


Изомерленген ион бастапқы тармақталған алканмен реакцияның соңғы өнімдері - изооктандарды және жаңа карбокатиондарды түзумен реакцияға түседі, тізбекті процесс дамиды.



Тізбектің үзілуі протонды карбокатионнан қышқыл анионына бергенде өтеді.

Алкилдегенде бір қатары қосымша реакциялар байқалады: деструктивтік алкилдеу, алкендердің полимерленуі және алкендердің катализатормен (қышқылмен) әрекеттесіп, күрделі эфирлерді түзуі.

Деструктивтік алкилдеу аралық карбокатиондардың β - ыдырауы нәтижесінде жүреді және C_5 - C_7 көмірсутектерді түзуіне әкеледі. Бұл процестің рөлі температурамен жоғарылайды. Алкендерді полимерлеу жоғары молекулалық массалары C_8 -ден артық өнімдерді береді. Катализаторлардың алкендермен әрекеттесуі катализатордың активтілігін және концентрациясын төмендетеді. Полимерлеу процестері изобутанның артық мөлшерімен басылады.

Алкилдеу катализаторлары. Алкилдеу катализаторларын келесі топтарға бөлуге болады: $AlCl_3$ негізіндегі, минералды қышқылдар (H_2SO_4 , HF , H_3PO_4) негізіндегі; ионалмасу шайырлары және цеолитқұрамды катализаторлар.

Қосымша реакцияларды активті иницирлеуінен (полимерлеу, деструктивтік алкилдеу, т.б.), сонымен қатар алюминий хлоридінің өзіне тән кемшіліктерінен (гигроскопиялығы, аппаратураларының коррозиясынан т.б.) $AlCl_3$ негізіндегі катализаторлар өнеркәсіпте кеңінен таралуға орын таппады. Мұнай өндіру өнеркәсібіндегі берілген процесте күкірт және фторсутек қышқылдарының негізгі мәні бар.